

«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға» мемлекеттік білім беру тапсырысына конкурс жариялау туралы хабарлау

Т.Рысқұлов ауданы Құмарық ауылдық округі, Қаракемер ауылынан 75 балаға «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға» мемлекеттік білім беру тапсырысына конкурс жариялайды.

Құмарық ауылдық округі, Қаракемер ауылы, Жамбыл көшесі №14

Орналасқан жері: *Т.Рысқұлов ауданы, Құмарық ауылдық округі, Қаракемер ауылы.*

Мекеме қызметінің негізгі бағыты:

Білім беру қызметін жүргізу құқығына берілетін лицензияға, мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу жарғысына және басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеуді ұйымдастыру. Педогогикалық кеңеспен бірге белгіленген тәртіпте оқу жұмыс жоспарларын, негізгі (вариативтік, авторлық), мектепке дейінгі білім беру бағдарламаларын, ішкі тәртіп ережелерін әзірлеуді және бекітуді ұйымдастыру. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес білім беру бағдарламаларын іске асыруды қамтамасыз етеді; оқыту-тәрбиелеу процесінде тәрбиеленушілер мен ұйым қызметкерлерінің өмірінің қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтауға қажетті жағдайлар жасайды.

Ұйымды басқару құрылымын анықтайды, қаржы, шаруашылық, ғылыми, әдістемелік және басқа да мәселелерді шешеді. Тәрбиеленушілер контингентін қалыптастырады, оларды әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етеді. Педагогикалық қоғамдық ұйымының және әдістемелік бірлестіктің қызметіне көмек көрсетеді. Тәрбиеленушілерді тамақтандыруға және оларға медициналық қызмет көрсетуге, денсаулығын сақтау мен нығайтуға қажетті жағдайларды ұйымдастырады. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу ұйымының мүліктері мен қаражатына белгіленген заңнамалық тәртіппен иелік етеді, жыл сайын құрылтайшылардан түскен қаржы мен оның шығысы туралы есеп береді.

Оқу-материалдық базаны сақтау мен нығайтуды, есеп жүргізуді, санитарлық-гигиеналық тәртіптің, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы ережелерінің сақталуын қамтамасыз етеді. Жұртшылықпен, ұйымдармен, ата-аналармен (оларды алмастырушылармен) өзара байланысты жүзеге асырады. Педагог кадрларды және көмекші қызметшілерді іріктеу мен орналастыруды жүзеге асырады, қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарын әзірлейді. Кадрлардың кәсіби шеберлігін арттыруға жағдай жасайды. Белгіленген тәртіп бойынша қызметкерлерді аттестадан өткізеді.

Педогогикалық кеңестің жұмысын басқарады. Мемлекеттік, қоғамдық және басқа да ұйымдарда мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу ұйымын танытады.

Мектепке дейінгі оқыту тәрбиелеу ұйымының қызметі туралы қажетті есеп дайындауды және ұсынуды қамтамасыз етеді.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:

Бала бақшаға арналған жеке ғимараттың болуы тиіс.

Кәсіби біліктілігі: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Тілдер туралы», «Бала құқықтары туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Неке және отбасы туралы», «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы», Заңдарын және басқа да білім беруді дамытудың бағыттары мен келешегін айқындайтын нормативтік құқықтар актілерді; педагогика мен психология негіздері; мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын; педагогиканы, педагогикалық психологияны, педагогикалық ғылым мен практиканың жетістіктерін: экономика негіздері, қаржы-шаруашылық қызмет туралы заңнамаларды, еңбек туралы, еңбекті қорғау туралы, техника қауіпсіздігі және өртке қарсы қорғанудың ережелері мен нормаларын, санитарлық ережелер мен нормаларды, дәрігерге дейінгі көмектің негіздерін білуі тексеріледі.

Конкурсқа қатысу үшін құжаттар осы хабарландыру интернет-ресурста жарияланған соң он бес жұмыс күн ішінде «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде қабылданады.

Мектепке дейінгі ұйымдардың тізбесін қалыптастыру бойынша конкурстық рәсімге қатысуға мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарлаған және мыналарды:

1) «Мектепке дейінгі ұйымдарда және балалар үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар « Санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 бұйрығына (бұдан әрі-Өрт қауіпсіздігі қағидалары)

2) «Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы»(Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №26867 болып тіркелген)(бұдан әрі-Өрт қауіпсіздігі қағидалары) Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2022 жылғы 21 ақпандағы №55 бұйрығына сәйкес жағдайларды;

3) « Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы №117 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміндегі №27414 болып тіркелген) (бұдан әрі-нұсқаулық) сәйкес талаптарды;

4) «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы»(Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміндегі №26618 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №4 бұйрығына және «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына(бұдан әрі-Сәулет қызметі туралы Заң) сәйкес ерекше білім беру қажеттіліктерін бар балалардың (бар болған жағдайда) білім алуы үшін арнайы жағдайлар және қолжетімді орта ұйымдастырған;

5) «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13272 болып

тіркелген) Қазақстан Республикасы Білім және ғылыми министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жаратқандыруды;

6) Санитариялық қағидаларға сәйкес тәрбиеленушілерді медициналық қызмет көрсетуді және алғашқы медициналық көмек көрсету үшін жағдайлар жасауды;

7) «Педагогтер лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығына » (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміндегі №5750 болып тіркелген) және «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы №77 қаулысына сәйкес тиісті бейіні бойынша педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі бар педагог кадрлармен қамтамасыз еткен мектепке дейінгі ұйымдар жіберіледі.

Мектепке дейінгі ұйымдар мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын алуға конкурстық рәсімге қатысу үшін мынадай құжаттарды ұсынады:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) мектепке дейінгі ұйым басшысының қолымен және мөрімен расталған бейнебақылау камераларының, дабыл түймешесінің және дауыстық хабарландырудың бар болуы жөнінде ақпарат;

3) Санитариялық қағидаларға сәйкес тәрбиеленушілердің (сыйымдылығы үш топқа дейін болған кезде) медициналық қамтамасыз етуді жүзеге асыруға арналған бастапқы медициналық-санитариялық көмек көрсету аумақтық ұйымымен шарт;

4) штаттық кестенің және педагогикалық немесе бейіндік білім бар педагогтердің белгіленген үлгідегі білім туралы құжаттарының көшірмелері;

5) ғимаратты/үй-жайды жалдау шартының көшірмесі (бар болса)

Конкурстық өтінімге кіретін құжаттар тігіледі, нөмірленеді, мектепке дейінгі ұйымның құрылтайшысымен қол қояды, мөрімен расталады және конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген тәртіппен ұсынылады.

Конкурсқа қатысуға өтініштер «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Құлан ауылы, Жібек жолы көшесі №76 №21 кабинетте 2025 жылдың 02 қыркүйекінен, 2025 жылдың 17 қыркүйек сағат 18-00 ге дейін қабылданады.


Конкурстың өтетін күні: 2025 жылдың 18 қыркүйек сағат 10-00 де

Конкурстың өтетін орыны: «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Құлан ауылы, Жібек жолы көшесі №76 мекен-жайы.

Электрондық пошта: nazym.sadykbekova.1973@mail.ru

Осы конкурсқа қатысқан тұлға үшін көтерме шығындар төленбейді, тұрғын үй және жеңілдіктер берілмейді.

Білім бөлімінің басшысы



М.Сванов

Орындаған: Н.Садықбекова